
Әдеби-көркем қоғамдық-саяси журнал

Мағжан



Жанат ЕЛШІБЕК

СҰҢҒЫЛА

Роман-эссе

Алтын жұмыртқа

Мұхиттай тұңғиық, жауһардай асыл ойларын рубайларымен өрген әйгілі Омар Һайям «Дүниенің жұмбағын қасиетті дәптеріме жасырдым» депті. Бұл тәмсілді әркімнің әрқалай ұғары даусыз. Ал менің қойын дәптерімде әр сөзі өсиет, әр ісі өнеге, әр әдеті тәрбие ұшқынындай көрінетін аса көрнекті қаламгер Мұхтар Мағауинге қатысты шоғыр-шоғыр штрихтар мен тебіреністі толғаныстар түзілген. Әр жылдары, әрқилы көңіл-күй әсерінде таңбаланған осынау эссе-жазбалардың басын біріктіріп ұсынғанды жөн санадым.

Қылыш шағында-ақ әдебиет көгінен жарқырап шалынған Мұхтар Мағауиннің жұлдызы бүгін де тым биіктен, тым дара көрінеді. Қырық жылдан кейін баспасөз бетін көрген бозым қаламнан туған «Бір уыс бидай» аталатын алақандай әңгімеден бастап, байсал тұста жазылған «Қыпшақ аруы» психологиялық әфсана-хикаятына ұласып, ардақты ақсақалдық кезеңінде жазылған «Шыңғыс хан» деректі-тарихи хамсасына дейінгі аралықта қалың оқырманның рухани жауһарына айналған талай тамаша туындылар жазу-шының аты-жөнін Темірқазықтай әйгілегені күмәнсіз ақиқат. Еш күлбілтелмей, міңгірлемей мойындаған жөн. Ал қаламгердің кілең кереметтерінің ішінен сүзіп алар інжу-маржандардың көшбастаушысы ретінде ұдайы «Қобыз сарынын» ойланбастан ауызға

алатыны бекер емес-ау. Оны жіті байыздап, тап басу үшін жанкешті жазушының жан-дүниесіне тереңірек бойлап, сыры сан қатпарлы, сан қабатты шығармашылық қазынасына қырағы жанармен үңілуің керек...

Кез келген әңгіме дүкенінде, сұхбат сәтінде, алқалы басқосуларда үкілеп, шоктықтап, ардақтап айтатыны – «Қобыз сарыны» мен «Алдаспан». Мұханның аузынан талай мәрте естідік. Өзі де сан дүркін жазды. Ішіне ине айналмайтын ішмерездердің көңілін аландатып, ұйқысын қашырған ғажайып еңбектер – Мағауин үшін, бейнелеп айтсақ, «алтын жұмыртқа» еді. «Іштен шыққан шұбар жылан» дейтін баршаға ортақ қағида бұл жерге жүрмейді. Сондықтан да сұңғыла суреткер ғасырлар қойнауынан аршып алған әр сөзін, әр жолын, әр ойын қызғыштай қорғайды.

– Жас кезінде жалғыз алтын жұмыртқа тапсаң, қалған ғұмырың соны қорумен өтеді екен, бауырым, – деген еді Мұхтар аға бір кездескенімде.

Тосын түйін.

Пайымды пікір.

Ордалы ой орамы.

Бір қуанарлығы, қаламгердің шаршаңқы жүзінен гөрі, келешекті барлаған өткір жанары мен жігерлі де, сенімді үні айрықша назар аудартқан-ды.

Ауылдың сыншылары

Жас ұлғайған сайын ауылды қатты сағынасың. Соңғы жылдары Қазақ радиосынан қостанайлық ақын Серікбай Оспановтың өлеңіне жазылған Ескендір Хасанғаливтың «Ауылды аңсау» атты тамаша әні жиі беріліп жүр. Әуені мен сөзі өте құп қосылған сезімді туынды. Айғайы да жоқ, даңғазасы да жоқ. Жан дүниенді шымырлатып, жүрегінді сыздатар әсем әуездің әдемі әсерімен жазу үстеліне отырдым. Шаңы бұрқыраған жұпыны ауылымда күні кеше ғана еңбек демалысында жүргенде байқаған елеусіз бір сурет. Бірақ, мен үшін ұмытылмастай бөлекше оқиға көрінгені шындық. Ыстық-суығы басылмай тұрғанда қаз-қалпында ақ парактың бетіне түсіріп қоймақшымын.

...Астанада алып-ұшқан көңілім туған топыраққа табаным тигенде барып саябыр тапқандай. Әкемнің қара шаңырағы сонау бір жылдарғы думанды да, базарлы шағына қайта бөленген. Арқа-жарқа, шат-шадыман. Сәлем беріп, жөн сұрасқан бауырлар, ағайындар, ауылдастар... Тайкұлындай тебісіп, бұла өскен достар... Ғажобы сол, кешегі құлдыраң-

даған құрдастардың, зыр қағып көбелек қуып, гүл терген құрбылардың жүздерін уақыт-суретші өзгертіп-ақ жіберіпті. Омырық ауыз, шөмиген шалдар мен кемиек кемпірлер... Бірінен соң бірі кіріп-шығуда. Асыптасыған пейілімді құлазытатыны – әкейдің қатарластарынан ешкімнің ұшыраспауы. Жалған дүние-ай!.. Ақындар айтатындай, «Заман көшкен сел, ескен жел». Шүкіршілік етері, сексеннің бел ортасынан асқан анамның көз алдымда қалбалақтап жүргені.

– Әне, балам, замандастарыңды көрдің ғой, – дейді терең күрсініп. – Мезгілдеріне жетпей шетінен мүжіліп, қартайып барады. Алжа-алжа. Көз алдымызда өскен балалар деуге көңіл сенбейді. Ендігі жерде қалт-құлт етіп, ілініп-салынып жүрген бізге еш алаңдама. Өйткені міне өздерің шал болдыңдар. Айтпақшы, әлгі Шерхан ағаң қайда? Соңғы кезде теледидардан көрінбейді өзі...

Шешемнің сөзін бөлген Жасұлан құда:

– Шерағаң қазір Астанада тұрмайды. Жамбылына көшіп кетіпті. Зейнеткерлікке шыққаннан соң, көп жазушылар өз елдеріне, өз ауылдарына қайтып жатқанға ұқсайды.

– Оны қайдан білесіз? – деді елеңдей сұраулы кейпін тіктей түскен Дубек құрдас.

– Жәкеңнің кеміргені газет-журнал емес пе?

– Иә...

– Алпысқа жетпей көзден айырылып, жаңалық біткеннен мақұрым боп, жер шұқып отырған Дубек дейсің бе, мені?! Құдайға шүкір, ауылда жүрсек те көкірегіміз ояу, жанарымыз сау. Қазиттердің жазғанына сенсек Қадыр мен Ақұштап ақын -Жайықта, яғни Оралында тұратын көрінеді. Аманжол Шәмкенов Керекуіне барып көз жұмыпты. Қалихан Ысқақ жыл сайын алты ай жазын Төр-Алтайдың Қатынқарағайындағы ата қонысында бәйбішесімен өткізуді дәстүрге айналдырыпты. Ағайындарының арасында, кейіпкерлерінің ортасында. Ал Мұхтар Мағауин бірер жыл болды Прагада, Чехияға кетіп қалған...

Жәкеңнің әңгімесін ұйып тыңдап отырған анам өзгелерге естірте:

– Сен де келсеңші ауылға пенсияға шыққан соң. Қасымда жүресің, – деді сәбише жайраңдап. – Көк тіреген орман-тоғайың, асқар-асқар тауың болмаса да, мың бұралып сылаңдаған Қараталың мен көгілдір айдынды Балқашың бар емес пе.

– Дұрыс-дұрыс. Ойланғаның жөн.

Мен үндемедім. Ілкі сәттік тыныштықты Құдайберген бауырым бұзды:

– Ақын-жазушылардың көбі өздері туып-өскен жерлеріне оралып жатқанда Мұхтар ағамыздың қияндағы шетелге асып кеткені несі? Түсінбедім. Қазіргі көзі тірі жазушыларымыздың ішіндегі ең мықтысы да Мағауин тәрізді. Сонда қалай?

– Өкпелеп кеткен сықылды. Немене, газеттегі мақаланы оқымадыңдар ма? Өзіміздің ноқайлар балағаттап, тіпті, жағасына жармасқанға ұқсайды.

– Қай газетте?.. Маған беріңізші, оқып алып қайтарамын.

– Өй, өзің қызықсың ғой. Газет-журналдарды жинап, сақтап жүретін кітапхана дейсің бе? – Жасұлан құда табан астынан тас-талқаны шығып, тулап қоя берді. – Абай атам айтқандай, өңкей қикым. Ішмерездік, бақастық, қызғаншақтық – ежелден қанымызға сіңген пықсық кеселіміз. Несіне жасырамыз. Ұлыларды мойындағымыз келмейді. Көңілдеріне келмесін мен үшін Мағауиннен асқан жазушы жоқ. Әрине, мен сыншы емеспін, бірақ сөздің қадірін бір кісідей салмақтай аламын. Ол – қазақтың ары, ол – қазақтың жаны, ол – қазақтың рухы.

– Жасұлан аға дұрыс айтады. Алматыда оқып жүрген студент кезімізде Мұхаңның баспадан шыққан бойда қызыл цензураның қаһарына ілігіп, «сотталған» «Қобыз сарынын» қарабазардан жүз сомға алған болатынмын. Білесіңдер ме? О заманда ерлердің костюм-шалбары алпыс-жетпіс сомнан аспайтын еді. Сондағы Мағауинге тағылған кінә мен айыптың түрін қазір еске түсірсек, қаның қайнайды-ау! «Мұхтар Мағауин нағыз ұлтшыл жазушы. Ықылым заман бұрын өмір сүрген, тарихта белгісіз қазақ ақындары мен жыраулар мұраларын дәріптейді. Оның үстіне жас қаламгер өзінің жыраулар поэзиясы хақындағы ғылыми-зерттеу монографиясына қазақтың ұлттық тұлкі тымағын киіп түскен фото-портретін жариялатыпты. Бұл – советтік идеологияға жат қылық, тым өрескел қателік». Мінеки, ұлыдержавалық өктем кеңестік сайқал саясаттың сықпыт-сиқы. Өз ата-бабаларымыздың аты-жөндерін ататқызбай, өз ұлттық киімімізді, асыл жәдігерімізді қастерлетпей ойымызды да, санамызды да шідерлеудің зымиян үлгісі. Күлкің де келеді, жылағың да келеді. Шынтуайтына келсек бәрін шұқып, бәрін қазып жүрген өз жандайшаптарымыз. Өкініштісі, бұл қасіреттен әлі арылғамыз жоқ. Әйтпесе «Алдаспан», «Аласапыран», «Тазының өлімі», «Сары қазақ», «Шақан шері», «Ұлтсыздану ұраны», «Қыпшақ аруы», «Құмырсқа-қырғын» тәрізді ұлттық әдебиетіміздің алтын қорына қосылатын ең таңдаулы туындылардың иесіне жөн-жосықсыз тіл тигізіп, текке даттау қиянат болса керек. Автордың өзі орда бұзар отызында қаймықпай, бүгежекте-

мей, мінгірлемей айтқаны әлі есте. «Маған қарсы адам – қазақ халқының жауы». Жүрек жұтқан баһадүрдің аузынан ғана шығатын дабылды ұран сөз. Бүгінде Алаштың ардақтысына айналған сұңғыла суреткердің бүкіл болмыс-бітімін даралар бейнелі сөздің астарына тереңірек үңілгеніміз абзал. Керек десеңіз Мұхтар Мағауин ұлтымыздың төлқұжаты емес пе!.. Әрине, мен де әдебиет сыншысы емеспін. Шыдамай кетіп пікірталасқа бір бүйірден қосылып, өз жеке ойымды қосып жатырмын да. Ақиқатында солай...

Көмейіне тығылған сөздерін ағытқан нағашым Болат Төлегенов ауыл мектебінде ұстаздық етеді. Екі дипломы бар. Негізгі мамандығы химия, биология пәндерінің мұғалімі. Әдебиетке құштар. Оқымаған кітабы аз. Үйіндегі шағын кітапханасынан қазақ қаламгерлерінің бірталайын көресіз. Қазақ эпостары мен батырлар жырларынан кесек-кесек үзінділерді жатқа оқығанда су жорғадай төгіледі. Азынаулақ жазған-сызғандары жергілікті басылымдарда жарияланып жүр. Демек, кара жаяу емес. Әдебиет төңірегіндегі ой-пікірлері мен білім-білігі осы пәннен дәріс беретін біраз мұғалімдерден биік. Өстіп сәті түсіп, басымыз қосыла қалған мезеттерде сұрайтыны, ынтыға білгісі келетіні – жоғарыда жүрген ақын-жазушылардың тіршілік-тынысы. Не жазып, не қойып жүргені дегендей, соңғы жылдары жарық көріп жатқан шығармалардың деңгей-дәрежесін өзінше пайымдайтын сергектігі кез келген жанды қызықтырары анық. Ауылдағы «сыншылардың» өздері сүйіп оқитын, төбелеріне көтеріп құрметтейтін жазушылары Мұхтар аға туралы мен де аз-кем пікір бөліскенім рас.

– Иә, Мұхаң Прагада Едіге есімді ұлының қолында отбасымен тұрып жатыр. Немерелерінің ортасында. Туған жерге, туған елге еш өкпененіші жоқ. Жақында ғана қасиетті туған топырағының тау-тасын аралап, Абай бабасының басына зиярат етіп қайтты. Шұбартауын шарлап, Бақанасына шомылып, көрші Қарқаралы ауданында қонақ болыпты. Бұл жайында «Қазақ әдебиеті» газетінен өздерің де оқыған шығарсыңдар. Бір ғажабы, Мұхаңның әр сапары текке кетпейді. Жаксы әңгіме, не жаксы хикаят. Кешікпей жүздесіп қалармыз. Прагада алаңсыз жазуға отырған жазушының «Жармақ» романын, оннан астам әңгіме-хикаяттарын оқырмандары жылы қабылдады. Қаламы суымайтын, қиялы қалғымайтын Мұхаңның ендігі арманы – өзін іздеушілерге жаңа «Шыңғыс хан» романын ұсыну.

– Тездетіп жазып бітірсе екен.

Жерлестерімнің тілектері құлақ түбінде жаңғырады-ай...

Әдебиеттің археологы

Майталман мэтр Мұхтар Мағауиннің қалам қарымы барлық туындысынан андыздап тұрады. «Теңіз дәмі – тамшыдан». Жазушы тілінің шұрайлылығы, қанатты қиялының ұшқырлығы, мұхиттай ойының тұңғыық шалқарлығы мен көркем кестелеген сөз саптауынан ә дегеннен-ак танысың. Зергердің әсем өрілген зеріндей қас шебердің қаламұшынан төгілген зерделі сөз әмәнда сан қатпарлы астарына тереңірек үңілдірері анық. Қай тақырыпқа қалам сілтемесін Мағауин мерейін марқайтар айшықты дара қолтаңбасы атойлап қарсы алса керек. Сон-а-ау жаратылыс жаралғаннан, бәлки одан арғы қадым заманнан бергі төрткүл дүниенің асты-үстінде болған жағдаяттардан бастап, бүгінгі бастан кешіп отырған компьютер дәуірін көктей өтіп, келешек көкжиектерден барлау-болжам сұлбалай алатын жазушы білімімен кез келген жанның пікір сайыстыруға жүрегі дауаламас. Мұхаң көп оқыған, көп тоқыған. Оның білімі мен білігі тар аяда, тек әдебиет төңірегінде ғана емес, әлемдік құбылыстардан білмейтіні жоқ. Бір қуаныштысы, оны ол айғайлап айтпайды, өзінің «менін» әр шығармасында – алақандай әңгіме-тәмсілінен бас-тап, көп планды шырғалаңға толы романдарына дейін, ең ақыры, дүбірлі дүниенің заманауи тыныс-бүлкілінен хабардар етер ой-толғақтарында жан-жақты жеткізеді. Мұның бәрі қазақ атамның «Білекті – бірді жығар, білімді – мыңды жығар» дейтін ұлағатына саятындай.

Түйген-түйсігі шартарапты қамтыған жазушының қаламнан қалт еткен тұсында әлемдік жыр жауһарларын жас-танып оқып, дүние жүзінде ең озық үлгі саналған туындыларға жанар сүзуі әрдайым өз жемісін беретіні де сөзсіз. Кітапқұмар жазушы бірде әдетінше Алматыдағы кітап дүкендерін шетінен адақтап шығып, жаңадан шыққан рухани қазыналармен асықпай танысады. Өзіне ұнаған құшақ-құшақ кітаптарды сатып алған ол сөре-лерде жалт-жұлт етіп сірескен ежелгі тарихқа қатысты, археологияға арналған энциклопедияларға, том-том кітаптар мен кере қарыс альбомдарға қызыға қарайды. Әрқайсысын алақанына салып аялай ұстап парактайды.

– Мұхтар аға, бұларды қайтесіз. Тікелей археология тақырыбына арналған кітаптар ғой, – дейді сатушы қыз қылаусыз кейіпте. – Оның үстіне бағалары да удай. Біразы көне тарих шежіресі сияқты. Әдебиетке үш қайнаса сорпасы қосылмайды.

– Ой, айналайын, қарағым. Сізге қатысы жоқ, археолог емессіз дейсің

бе? – Сәл-пәл үнсіз тұрған жазушы өзіне жылы ұшырай кеңес берген таныс та, бейтаныс кітап сатушыға бар ықыласын аударған.

– Қателесесіз, қал-қам. Мен әдебиеттегі археологпын ғой. Археолог болмасак, тарихи хикаят, тарихи роман қалай жазылады?! Бабаларымыздан жеткен тарихи тәбәріктей көрі-нер салхар даланың ескерткіш-жәдігерлері – тас мүсін-дер мен биік қорым басындағы бабалар сырын ұғып, бүгінгі буынға көркем туынды ретінде ұсыну үшін, біз секілді қалам ұстаған пақырыңа археолог болуға тура келеді. Тарихи деректер мен оқиғалардың қалтарысы мол қатпарларына әдебиеттегі археологтардың ой көзімен үңілгенде ғана шынайы келісті туынды туса керек...

– Түсіндім. – Ұшқары ойының қателігін аң-ғарған сатушы қыз риясыз жымия тіл қатқан.

Әдебиет әлемін орда бұзар отызға жетпей-ақ дүр сілкіндірген әуелгі туындысы «Қобыз сарыны» монографиясынан бастап, байсал шағында дүниеге келген «Шыңғыс хан» романының аралығында әдебиеттің ақиық археологы қашаған кесек те, шоқтықты шығармалар шоғыры талайлардың назарын әлі де өзіне аудара берері бек мүмкін.

Мүсірепов мақтаған Мағауин

Иә. Ол туралы сөз зергері, академик-жазушы, казак әдебиетінің алыбы Ғабеннің өзі қалам тербеген. О кезде қазіргідей талғамай, таңдамай, кімге болсын соған, онды-солды үлестіре салатын «әйгілі жазушы», «ұлы ақын», «ғұлама суреткер» тәрізді теңеулер мен тіркестер мүлдем қолданылмайтын. Оқта-текте, онда да қазанамаларда ғана «классик жазушы», «көрнекті қаламгер» секілді бағалаулар ұшырасып қалушы еді. Осындай мамыражай, тоқпейіл кезеңде жарияланған Ғабит Мүсіреповтің мақаласы бүкіл Алматыны дүр сілкіндіргені анық. Жаппай жұртты елең еткізген дүниенің дүмпуі ерекше күшті еді. Үлкен шаһардағы газет дүңгіршектеріндегі «Қазақ әдебиеті» сол мезетінде таралып кеткені бар. Осы күнгі нөмірді қолдарына түсіре алмаған ағайындар газет-журналдар мен баспаларда қызмет істейтін таныстарын адақтап кеткеніне куәміз. Ретті тұста бір қызық жайды еске түсірейін.

... Жұмыстың соңына таман кабинетіме белгілі суретші, өнер тақырыбына арнап сауатты мақалалар жазып жүретін, жазу-сызудан біршама хабары бар Мұхамеджан Әлімбаев деген жігіт ыржалақтап кіріп келді. Қашанғы әдетінше көңілді, мәз-мейрам, екі езуі – екі құлағында.

– Жанат аға, халіңіз қалай? Мен бүгін сіздерге мақала емес, газет

әкелдім, – деді қолтығына қысқан бір буда мүкәммалын ақтарған күйі.

– Ол неғылған газет?

– Сәл шыдаңызшы. Көрсетем қазір. Бүгінгі «Қазақ әдебиеті» ғой. Ғабеңнің Мұхтарлар жөнінде жазған ғажайып мақаласы шығыпты. Мінеки, үш данасын тастап кетейін, қалғанын Гагариндегі Баспалар үйі мен ҚазГУ-ге апарып беремін...

– Жақсы болды. Жігіттер бірінен соң бірі іздеп жатыр еді. Мұхамеджан-ау, мұның бәрін қайдан алып жүрсің?

– Іздеген адам жердің түбіндегін табады емес пе?! Аяғымнан сарсылып, Алматының бұрыш-бұрышын шарладым. Түкпірдегі киоскілерден екі-үшеуін зорға таптым. Абырой болып, оншақты данасын баспахананың печатный цехынан, қоқыстардың арасынан теріп алдым. Конвейер мәшинесінен өткен алғашқы «брак» нөмірлер. Белінен бір-бір бүктеп, жыртып лақтыра салған ғой. Шетінен әдемілеп желімдеп, «реставрация» жасадым. Пәлендей бүлінбепті. Кәне, өзіңіз ашып көріңізші. Мінеміне...

– Рақмет.

Күнұзақ әдебиет бөлімінің жалғыз газетін таласа-тармаса, кезекке тұрып оқыған «СҚ»-ның жігіттері Мұхамеджанның арқасында бір-бір газетті иеленіп, қарық боп қалды. Кез келген жас жазушы атына жылы сөз айтып, басынан сипай бермейтін дуалы ауыз Ғабит Мүсіреповтің қос Мұхтар – Мағауин мен Шаханов жайындағы мақаласы талайлардың жүрегін қозғағаны сөзсіз. Үлкен-кішінің ойынан табылған «Екі Мұхтардың» жаңғырығы руханият орманын аралап кеткен-ді.

Қазақ әдебиетінің абызына балаған Ғабеңнің шежірелі жүрегін жарып шыққан туындыны асыл жәдігерімдей ширек ғасыр сақтағанымды бүгін мен мақтаныш сезіммен жеткізіп отырмын. Сәл сабыр етіңіз, сүйікті менің оқырманым. Жоғарыда есімін құрметтеп атаған суретші бауырымның жеке басына қатысты бірер жайды сыр ғып өргенді жөн санадым. Талантты қылқалам шебері бүкіл ғұмырын қазақтың ұлттық қол өнеріне, әдет-ғұрпы мен дәстүр-салтына бағыштаған. Ұлттық ою-өрнекпен, нәзік нақыспен бедерленген кілем, тұскиіз, алаша, сырмақтың түр-түрін тоқумен бірге, жоғалып бара жатқан ежелгі көне туындыларымыздың жұрнақ-жәдігерлерін талмай іздестіріп, жинастыруда. Түркі елдері мен Орталық Азия мемлекеттерін тынбай аралап, қолөнер туындыларының көрмесін ұйымдастырып жүр. Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің шынайы жанашыры әрі насихатшысы бола білген ол өзінің сәбилерінің есімдерін қастерлеудің де тамаша үлгісін көрсетіп отыр.

Мұхтар, Сәбит, Ғабит есімді ұлдарынан кейінгі қыздарының аттарын әйгілі әсем де, әуезді әннің сазды жолындай Ақмарал, Сұлу, Еркем-ай деуі қандай жарасымды.

Сонымен, 1984 жылы 27 шілдеде «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген Ғабит Мүсіреповтің мақаласында негізгі кейіпкеріміз Мұхтар Мағауинге байланысты білдірген ой-пікірін үзіп-жұлмай, тұтас қалпында назарларыңызға ұсындық:

«Жастар... Ақын-жазушы жастарды айтам-ау... неше жасқа дейін? Неше кітабы басылып шыққанша жастар дей береміз? Жазушылар одағына алынарда төрт-бес кітап көтеріп келсе ше? Жас деп жүрген жазушымыз немересі бар ата кісі болып қалса қайттік? Енді бірі қырықтан асып, елу жылдық мүшелінде басылып шығатын екі-үш том еңбегін әзірлеп отырса ше? Сондай ритуалымыз бар ғой. Содан кейін оның үлкендер тобына кіріп кеткенін бір-ақ көреміз. Ондайымыз да жоқ емес қой.

Жоқ, жолдастар, бұл қалыпты бұзғанымыз дұрыс болар. Алпысқа келсе де таңдап алары татымсыз ақын-жазушылар да болады, жиырма бесіне жетпей-ақ әрбір жолы ойыңа қона кетер жастар да болады. Бізде Саттар болғанын, Қасым болғанын, Баубек болғанын, Мұқағали, Төлеген болғанын қалай ұмытамыз? Сол бесеуі туралы да талай аға ақын-жазушыларымыздың дер кезінде көңіл аударма алмаған өкініштері болуы мүмкін-ақ. Иә, бұл бізде болып келген. Әлі де арыла қоймаған мінездер. Бұл өкініштен ағалар тобының бірде-бірі ада-күде аманмын дей қалса, ол өзінің аға болғандығын сезінбегендігі болар еді. Ондай «ағалар» аға болып та жарыта қоймас-ау!..

Бесеуі де дарын жалыны бірден жарқ еткен жастар еді ғой. Тосырма да болды, сескену де болды, көпшік қойып әлпештеу де болды. Бірақ, мұның бір де бірі ақын жанын тербейтін, жатсыратпайтын жайлар емес еді. Бір сұрау бәрімізді де мазалайтын болу керек – солар арманда кетті ме, біз арманда қалдық па? Ал әдебиетіміз ше? Әдебиетіміз?!

Осындай ойлардан ақын-жазушы жастарымызды бұл күнге дейінгі жайымыздан гөрі жақынырақ білетін болайық деген қорытынды туады. Жалпылап емес, жалқылап білетін болайық, адақтап көңіл аударайық.

Чехов айтқандай, «Қатар жүргенің түгіл, соңынан ергенінді қуаныш етерлік» жастар бар ма бізде? Бар! Ұлдарымыздан да бар, қыздарымыздан да бар! Әттең, кезінде байқай алмай қалып, кешірек абайлағаныңа өкінесің. Онымызға, әрине, көзілдірік айыпты емес. Айыпты көңілімізден іздейік. Мен, кеш те болса, әлі де жастар қатарында жүрген, бірақ,

пісуі әлдеқашан жеткен, көтерілер қырқаларының өр кеудесінде кетіп бара жатқан екі қаламгеріміз жайында бір-екі ауыз сөз айтуды парыз көрдім.

Екеуінің аты да Мұхтар. Біреуі – Мағауин Мұхтар, біреуі – Шаханов Мұхтар.

Бұл екеуінің ұлы Мұхтармен аттас болғандары қандай жарасып тұр. Мүмкін, менің айтайын дегенім де осы екі аттастары жайында ұлы Мұхтардың өзі не айтар еді деген сұраудың жауабын іздеу ғана болар. Мүмкін, өзімнің жасырақ кезімде жазған «Қозы-Көрпеш» пен алғашқы прозалық шығармаларым туралы ұлы ағаның не айтқандары есіме түскен болар. Ол да мүмкін, бұл да мүмкін.

Сонымен, әуелі прозаик Мұхтар Мағауин жөнінде. Бұл Мұхтар туралы бірінші айтпағым – оның жастар қатарында саналатын кезеңі бұдан едәуір жыл бұрын өтіп кеткен екен. Біздің сыншылар ол жайды кезінде-ақ көрген болар, мен өзім кешірек көріп қалдым. Оның алпысыншы, жетпісінші жылдары жазған әңгіме, повестері қаламұшы өткір, әр сөздің ішкі-тысқы ен-таңбасын, қат-қабат сыры барын сол кезде-ақ танытыпты. Мұхтар Мағауиннің сол тұста жазған «Әйел махаббаты», «Күтпеген кездесу» сияқты әңгімелерін, «Қара қыз» сияқты повесін оқыған сыншы, не болмаса замандас достары сол күні-ақ авторды құшақтап құттықтаған шығар деп ойлаймын. Өз басым сол достар қуанышының ішінде болмағанымды өкініш еткендеймін. Пендешілік тағы...

Мұхтар Мағауин ана тіліміздің байлығын, оралымды, астарлы, әрі отжалынды, әрі нәзік те биязы бояу сырларын алғашқы адымдарынан бастап-ақ меңгеріп алғанын көрсетеді. Тіліміздің оралымдылығын тереңдетуге қосқан үлесі де аз емес. Еркек, әйел бейнелері қандай сом! Әртүрлі өмір талқыларына түсе жүріп, сол шытырман-шырғалаңдарда майысса да сына білмеген жастарға еріксіз қызығасың. «Күтпеген кездесудегі» Сәлкен мен Көшім сияқты ер жігіттер, зымиян Айгүл («Қара қыз») сияқты махаббат жолында да, басқа тіршіліктерінде де табанды, айнамас жүректі әйелдермен қатар Шәрипа, Тұлымқан, Гүлжиһан сияқты «дүние қоңыз» әйелдер де жеткілікті. Бар арманы ғылым емес, атақ-даңқ, баю болып кеткен Бексейіт доцент, ақындық қабілеті болмаса да ақын атанып жүрген Уақас сияқты, ғылым мен әдебиетте, құдайға шүкір, тым көп кездесетін типтер де босқа күйеленбей әділ бейнеленген.

Мағауин шығарма желісін тартуға шебер. Сиыспас бірдемелерді тоқпақтап жіберу «әдісі» онда атымен жоқ. Оқиға соқтығыстары – себеп пен өрісі шебер түйілген. Адам мінездерін оңашалап алып қарасаң бәрі

де таныс-бейтаныстар.

Әсіресе ерекше мән бере айтылуға керекті, ерекше бағалануға тиісті жағы – бұл кездерде жас жазушы қатарында жүрген Мағауиннің барлық тақырыптары Ұлы Отан соғысынан кейінгі күндерімізді көрсетеді. Бейнеленген адамдары да осы дәуірдікі.

Осы айтқандарымыздың әділет екендігіне сенгендіктен Мағауин Мұхтар бұдан он-он бес жыл бұрын-ақ іргелі жазушыларымыздың қатарына қосылды демекпіз. Оның соңғы жылдарда шыққан екі томдық романы («Аласапыран») бұл ойымызды толықтыра түседі. Мағауин қазір үлкен жазушылар қатарынан сенімді орын алды. Үлкен шығарма үлкен талдауды керек етеді. Әдебиет зерттеушілерінің шаруасына қол сұқпай-ақ қысқаша ғана өз қорытындымды айтсам:

«Аласапыран» қазақ совет прозасының тағы бір үлкен мақтанышы. «Жақсы еңбек» дейтініміздің шеңберіне симайтын, ойы терең, тіл көркемдігін түгел меңгерген, шебер қаламынан ғана туа алатын қымбат қазына!

Мұхтар Мағауин қай шығармасында болсын еркін отырады. Тақырыптары ұсақ-ұлаң емес, бүгінгі күніміздің іргелі сауалдарына толымды жауап береді. Атүсті емес, терең жауаптар. Алған тақырыбын терең зерттеп алатыны байқалады. Әсіресе, «Аласапыран» романын жазу үшін қанша архивті қопарғанына, қанша қалаларды кезгеніне таң қаласың. Мағауин Мұхтар орнықты дарын, үлкен талант.

Автордың ертеректе жазған «Өткінші» повесі келесі жинақтарына кірмей-ақ қойса да болады. Баяндамалауы басымырақ екен.

Аз-мұз оқыс сөйлемдер де кездеседі: «Арқардың тоқтылары мен ешкілері» депті бір жерде. Тоқтылары десең «саулықтары» деген дұрыс болар. Ешкіден тоқты емес, лақ туатын. Сұлу қызды бейнелегенде «Апай төс» депті. «Апай төс» балуандарға, кеуделі еркектерге ғана айтылады емес пе?

Маған өте ұнамаған – «сымбаттытын», «ұстамдытынсың» деген екі сөз. Бір сөзде қатарынан үш «ы» әрпі болса, ол сөзді ауызша айтқанда аузың икемге келмей кететін шығар».

...Әйгілі жазушының жүрекжарды бұл лебізі, дегдар суреткердің ақеділ пікірі талайларды толқытқаны даусыз. Жоғарыда шет жағасын жұқалап жеткізгеніміздей біреуге – көл, біреуге – шөл қазақи көңіліміздің оңайшылықпен ақтарылып, төгілмейтіні және рас. Оны жасырудың қажеті жоқ. Өйткені таланттыны, дарындыны, мықтыны мойындамайтын пасық қасиетіміз – ежелден келе жатқан осал да, кемшін қырымыз

екенін ішіміз сезсе керек.

Өткен жылдар жаңғырығы әлі есімде. Мұхтар Мағауиннің әр туындысын қадағалап оқитын, жалпы шығармашылық әлеміне қанық жандардың бөлекше серпіліп қалғаны шындық. Көбіміздің көмейімізді бүлкілдеткені – «Мұхтардың өзі қалай қабылдады екен?!». Сөз жоқ, етпен сүйектен жаралған пенде ретінде Мұхан да қуанды, масаттанды, ризашылық сезімге бөленді. Әділ бағаның, ақиқи ойдың сәл кешігіп айтылып жатқанын ұлы сөз зергерінің өзі де өкінішпен сездіреді. Көкейіндегісін түйіп-түйіп, мерейлене білдірген Ғабен мадақ мақаласына А.П.Чеховтің «Мұндай жаспен қатар жүру түгіл, соңынан еріп жүрудің өзі қандай қуаныш!» деген тамаша сөзін эпиграф етіп алыпты. Тегін айтылмаған лепес. Дәл әрі нақты темірқазық пікірдің бекем байламындай.

Мұхтар аға жайында жазылған осынау мақала қастерлі жәдігерімдей саналатын менің жеке архивімде сақтаулы. Кезінде өзім қызмет істейтін «Социалистік Қазақстанда» жарияланған Мұхтар Әуезовке арналған «Біздің ұлы жазушымыз», қалың оқырман қауымды елең еткізген «Авгейдің ат қорасынан бастайық» атты Ғабеннің әйгілі мақалаларының қиындыларын әріптестеріме көрсетіп, жазу-сызуға әуес кейінгі буын өкілдеріне оқытып қою әдетім. Әрине, ширек ғасыр өткеннен кейін сүйікті қаламгерім хақында құштарлана қалам тербеп, Ғабен толғанысына жүгінемін деген ой ешқашан болған емес.

Айтпақшы, «Екі Мұхтар» мақаласынан соң іле-шала Қазақстан Жазушылар одағы мен Қазақстан Ғылым академиясының Тіл білімі институты мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты бірлесіп ұйымдастырған «Соңғы жылдардағы қазақ көркем шығармаларының тілі» деген тақырыптық конференцияда академик-жазушы Ғабит Мүсірепов төрт сағатқа созылған ұзақ баяндама жасады. Сексеннің сенгірінен асқан сергек те, сезімтал данагөй қазақ әдебиетінің айдынына жан-жақты барлау жасап, келешек көкжиегіне көз жүгірткен. Үлкенді-кішілі алпыстан астам кітап оқып, жүздеген туындыға жан-жақты талдау жүргізгенін ықыластана әңгімелегені күні кешегідей есте. Бүгінгідей жаңғырады. Демек, ұлы Мүсірепов өзінің өкшесін басқан Мұхтар інісінің тегін емес, бәйге көшін дара бастар тұлпар текті, кесек мінезді қаламгер екенін анық танығандай.

Осындайда әйгілі сақ философы Анахарсистің «Ақыл атасы – ақиқат» дегені тіл ұшына еріксіз орала береді.

Шындығында солай.

Жоғалып... табылған «Қобыз сарыны»

Менің екі кітапханам бар. Бірі – Алматыда, екіншісі – Астанада. Ғасырлар тоғысында еліміздің жаңа байтағы Ақмолаға бет бұрған қазақ баспасөзінің кара шаңырағының көшіне ілескенімізде, қолымызда жеңіл-желпі, екі-үш түйіншек жүгіміз ғана болған еді. Азын-аулақ төсек орын мен күнделікті қолданатын тұрмыстық ыдыс-аяқ дегендей. Өйткені көңіліміз күпті де, алаң. Несіне жасырайық, көбіміздің бойымызда сенімнен гөрі, күдік басым. Қырық жыл бауыр басқан ару Алматыны, хан сарайындай даңғайыр пәтерімді, бәрінен бұрын жансерігіме айналған бай кітапханамды қимай, бұлыңғыр күйде шалғайдағы Арқа төріне аттандық-ау.

Әлем әдебиетінің жауһарлары мен батыс-шығыс классиктерінің таңдаулы туындылары, қазақ ақын-жазушыларының кітаптары мен сан алуан том-том энциклопедиялардың арасынан тек оншақтысын ғана іріктеп алуға тура келді. Әзірге артынып-тартынып жүруге мүмкіндікте, жағдай да жоқ. Бірінші болып Абай атамның кітабын ұстадым. Одан кейінгілер қатарында Мұхтар Әуезовтің «Абай жолының» «Ана тілі» баспасы ұлы жазушының 100 жылдығына арнап шығарған қағаз қобдишадағы базарлық басылымы, Махамбеттің «Жыр семсері», Олжас Сүлейменовтің ширек ғасыр жасырып сақтаған (біреу-міреу «ұрлап» кетпеуі үшін) «пышакқа» түскен «Аз и Я» кітабының ең алғашқы нұсқасы, Мұхтар Мағауиннің атакты «Қобыз сарыны», «Ғажайып құбылыстар энциклопедиясы» қолыма ілікті. Мұның бәрін тәптіштеп айтып отырғаным, елордаға қоныс аударғаннан кейін жинай бастаған кітапханамның алғашқы сөрелерін осынау кітаптар толтырған еді. Тұтастай бір қабырғаға қаланған бұл кітаптардың денін қазақ қаламгерлерінің көптомдықтары мен тәуелсіздік жылдары жарық көрген әрқилы туындылары құрайды.

Әңгіме желісін негізгі арнаға бұрайын. Қырық жыл бойы асылымдай аялап, тұмарымдай қастерлеп ұстаған «Қобыз сарынын» айдың-күннің аманында жоғалтып алдым. Кімге бергенімді, қайда қойғанымды есіме түсірsemші. Қарамаған, тінтпеген жер қалмаған шығар. Үйді де, кеңседегі кабинетті де... әлденеше мәрте адақтап шықтым. Ізім-ғайым жоқ. Кімді кінәларсың? Бәрі өзімнен. Әрқилы отырыста, қонақта, ең ақыры редакциядағы жігіттермен әңгіме-дүкен құрған сәттерде көмейім бүлкілдеп тұрады. Әсіресе, өзім ерекше құрметтейтін Мұхтар аға жайында сөз қозғала қалса, «Мағауиннің «Қобыз сарынын» көріп пе едіңіз? Оқып шығу-

ға екі-үш күнге берейін деп елпілдерімді қайтерсің. Өкінуге де, ренжуге де болмас. Мұхаңның есімін мәшһүр еткен «Қобыз сарынын» өзгелер де көрсін, тамашаласын, оқысын. Ниет те, пейіл де дұрыс. Кейінгі буын, кейінгі лек үшін мүлдем қол жетпес қат дүние. Осыдан бірер жыл бұрын астаналық Рахила қарындасым: «он бес күннен кейін әкеліп беремін» деп ұшты-күйлі ұстатпай кеткені бар. Ғасырлар қойнауынан жеткен бабалардың жауһар жырларын өзімен бірге жұмыс істейтін мұғалімдер кезекке тұрып, жарысып оқыпты. Тіпті, қайсыбірі ұмыттырып, киелі кітапты иемденіп кеткісі келгенін естігенде, еріксіз күлгенім есімде. Ал Бурабайда танысқан көкшетаулық Қалдыбек есімді фермер құрдасым редакцияға арнайы іздеп келіп, «Қобыз сарынын» оқып, танысып шығуға сұрап алғанына неге қуанбасқа?! Аман-есен қолыма түскен Мұхаңның бұл кітабын соңғы рет тамашалаған – өзіммен бірге «Егеменде» істейтін суретші-карикатурашы Айдарбек Ғазизұлы. Кітапқұмар ол «Қобыз сарынының» сыртқы мұқабасын, ішкі титул беттерін, автордың бозбала жігіт шағында түлкі тымақ киіп түскен атақты портретін, алғашқы кіріспе-мәтінін ксерокспен көбейтіп түсіріп алған-ды. «Үйдегі жеке мұрағатымдағы Мұхтар Мағауинге арналған папкама салып қоямын...». Қуаныштан жүзі бал-бұл жанған суретші бауырымның сөзі құлақ түбінде жаңғырады-ай...

Сөйтіп «Қобыз сарыны» із-түзсіз кетті. Күмілжі көңілім әжептеуір орталанғандай. Есесіне екінші біреудің масаттанып жүргені даусыз. Несіне қынжылам, несіне ренжимін. Мағауинді идеал тұтқан, кумир санаған бейтанысымның қолында екеніне жүрегім бек сенімді. Ал менің медетім – «Жанат бауырыма! Игі тілектермен – Мұхтар Мағауин. 3.Х.2002 жыл» деген қолтаңбасымен сыйлаған он үш томдық «Шығармалар жинағы». Осы көптомдықтың сегізінші кітабына «Қобыз сарыны» берілген. Қолым қалт еткен тұста ХҮ-ХҮІІІ ғасырларда өмір сүрген ақын, жыраулар хақындағы монографияны құштарлана, ынтыға парактау әдетіме айналған. Неше мәрте, есімде жоқ. Бармақтай кезімізде ауылдың шал-кемпірлері «Батырлар жырын» әлденеше қайталап оқыта бергеннен түйдек-түйдек жыр жолдарын жаттап алғандай, «Қобыз сарынын» ұстаған мезетте-ақ жанарымның алдына төмендегі сурет көлбеңдеп, тіл ұшына оралатыны күмәнсіз. Жүректе сайрап тұр... Ендеше назар аударып, құлақ түрелікші...

« – Сөйле, жырау!

Зерлі қызыл ала түрікпен кілемінің үстінде малдасын құрып алтын тақтың қарсысында отырған Кет-Бұға қобызына таянған қалпы алға қа-

рай сәл еміне түсті. Әміршісінің бетіне бажайлай қараған.

Тоғыз қанат ақ орданың іші қоңыр салқын еді. Топырақпен көміп бастырып тастаған іргеден қарашаның ызғарлы желінің лебі білінеді. Қабағы қатыңқы Шыңғыс хан иығына жамылған бұлғын ішігінің жағасына тұмсығын тыққан күйі, мана таңертең Кет-Бұға табалдырықтан аттағандағы қалпында мүлгіп отыр. Көзі жұмулы. Ұйықтап отыр ма, әлде жан көрмеген жат елдерді ат тұяғына таптатар, өзінің нөкерлері мен қызметшілерін олжаға бөктірер жаңа жорықтардың жайын ойлап отыр ма? Белгісіз. Селт етпейді. Қимылсыз, бір қалыпта отыра бергеннен аяғы талған Кет-Бұға қаған ұйықтап кетті ме деп ойлай бастаған еді, ұйықтамаған екен...

«Жырла» деді. Не жөнінде жырламақ дәл бүгінгі күні?..».

Мұхтар Мағауиннің жиырма бес жасында жазып бітірген ең алғашқы, ең елеулі туындысы саналатын «Қобыз сарыны» осылай басталады. Тым тереңнен, тым қияннан жан-дүниенді езілтіп, ет-жүрегіңді елжіретіп, сай-сүйегіңді сыздатып естілер мұңды да, зарлы сарын ғасырлар қатпарын, тарих қойнауын үңгіп, аялай тербегендей. ХҮ-ХҮІІІ ғасырларда, яғни Қазақ Ордасы заманында жасаған ақын, жыраулардың мүлде дерлік ұмытылған, көмескі тартқан, қазақ-совет әдебиеттану ғылымынан аласталған һәм тыйым салынған мұраларын жинақтау, қайта тірілту және бар байыбын анықтап-айғақтап, жан-жақты зерттеуге түсіру тарихы, одан кейінгі зобалаңдар жайы ауызекі айта салуға оңай. Әйтпесе... Баршаға аян тосқауыл-кедергілер, текетірес тайталас жас ғалымның жолына кесекөлденең жатып алғанымен, сағын сындыра алмады. Мұханның өзі «Мен» роман-естелігінде түйіп жазғанындай – көне мұра, ұлт мәдениеті, болашақ бағдар үшін күрес. Әрине, тылсымы мол, жұмбағы көп тұңғыық мұхитты ескексіз қайықпен жүзіп өту – еш мүмкін емес-ау. Сөйтседағы тәуекелшіл жүрекжұтқан некен-саяқтар сойынан саналар Мағауин бойынан байқаған ғажайып қасиетін алмастай жаныған ұлы ұстазының есімін әңгіме әлқиссасында ауызға алмау күнә. Профессор Бейсенбай Кенжебаев өзінің төрт шәкіртін университеттің алғашқы курсынан бастап қамқорлық қанатына алып, жас шәкіртін аспирантураға түсіреді де, осы ХҮ-ХҮІІІ ғасырлар аралығын зерттеуге міндеттейді.

Мақсат биігінен көрінген жас ғалымның жанкешті еңбегі, жаңашыл ізденісі мен батыл көзқарасы дүниені елең еткізді. Жемісті де, жеңісті баспалдақ даңқ шыңына асқақтатып, аспандатып көтерді. Әрқилы пікірлер таласы, әралуан ойлар шарпысуы... Көпекөрінеу мойындамау, мысыктілеу қызғаныш пен іштарлық... Ең ақыры, зымиян саясаттың айла-

шарғысы мен тұсау-тұзағы... Бәрі-бәрін ғұлама ғалым Мұхтар Мағауин тас-талқан етіп жеңіп шықты. Нағыз ұлтшыл, нағыз ұлт ұлы, нағыз ұлт арына баланған Мұхаңның көз майын тауысып, маңдай терін шүмектетіп туған халқына сыйлаған 285 беттік ғылыми жұмысының соңына берілген, тікелей тақырыпқа қатысты ойекшер әдебиеттердің тізімі түзілген 33 беттің өзі Мағауин білімінің мұхиттай тереңдігін көрсетсе керек.

Осы орайда көне түркі қағанатының бас қолбасшысы, қаған абызы Тоныкөктің «Түнде – ұйқы көрмедім, күндіз – күлкі көрмедім, қызыл қаным төгіліп, қара терім сөгіліп, күшімді сарқа жұмсадым, жауға да шаптым кұрсанып – бәрі елім үшін!» деген рухқа толы, өршіл сөзін Мағауин есімімен байланыстыра желпіне айтқым келеді.

Иә, қазақ руханиятындағы шын мәніндегі құбылыс саналған «Қобыз сарыны» түркологтардың, ғалымдардың, жазушылардың айрықша назарын аударғаны мәлім. Көмескіні айқындаған, соны серпіліске, жаңа өрістерге жол ашқан осынау туынды туралы кескекті пікірлер ортақ арнада тоғысуы тегін емес-ті. Мағауин ізденісін қолдаушылар байбалам салушылар мен аяқтан шалушыларға дер кезінде тойтарыс беріп, жүрекжарды ойларын қуана жарыса жеткізген. Қазақ зиялылары Б.Кенжебаев, Ә.Марғұлан, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Қ.Бекхожин, Ғ.Сланов, М.Ғабдуллин, О.Сүлейменов, Р.Бердібаев, Ә.Кекілбайұлы, Б.Ысқақов, т.б. ағымдағы баспасөз беттерінде биік бағалады. Әрине, оның бәрін тізбелемей-ақ, нақты дәлел ретінде ұлы оқиғаға үнқосқан қазақ данышпандары мен марқасқаларының ойларынан үзіктер келтіргенді жөн санадық.

Әйгілі академик Әлкей Марғұлан өз пікірін төмендегіше түйеді:

«... Қазақ әдебиетінің тарихын, оның алғашқы басталуынан осы біздің дәуірімізге дейін, неғұрлым байсалды, неғұрлым терең, неғұрлым тапжылмай зерттеу қажет. Осыған орай, Мұхтар Мағауиннің жақында баспадан шыққан «Қобыз сарыны» атты ғылыми еңбегінің үлкен маңызы бар екенін, оның бүгінгі таңда ғылыми зерттеуімізге елеулі пайда тигізетінін атап көрсеткен жөн».

Заманымыздың заңғар тұлғасы Олжас Сүлейменов: «Мұхтар Мағауин біздің жазба поэзиямыздың тарихын бірнеше ғасырға тереңдетіп, Әдебиет және өнер институтының барлық жұмысын жалғыз өзі атқарып шықты» десе, көрнекті ғалым Рахманкүл Бердібаев қиын-қыстау сәтте өз ойын батыл білдірген еді: «Жас ғалым, сыншы Мұхтар Мағауиннің «Қобыз сарыны» деген кітабында ХҮ-ХҮІІІ ғасырлар арасының бұған

дейін аты да, еңбегі де жете мәлім болмай келген он екі ақыны мен жырауы жайында мол мағұлмат берілуі әдебиет тарихын үш ғасыр әріге жылжытқандай болды. Жас әдебиетшінің осы еңбегін ғылымдағы ерлік деп атасақ, артық болмас деп ойлаймын».

Орнықты ой, пайымды пікір, биік баға. Мерейінді марқайтып, шабытынды шалқытып, қиялыңды қанаттандырады. «Қобыз сарыны» өз елімізді елеңдетіп қана қоймай, сол кездегі Одақтың рухани аспанын ишарлап, мұхиттың арғы жағын дабылдатады. Сөзіміз кұр даңғаза болмасын, бірер дәйекке жүгінейік. Мәртебелі шығарманың қалай мәшһүр атанғанына көз жеткізерің анық. Мәскеуден шығатын «Литературная Газета» мен «Дружба народов», «Вопросы литературы» журналдары ұнамды баға береді. Ал Американың белгілі советтанушы ғалымы Эдвард Оллуорт «Советтік Орталық Азиядағы ұлттар мәселесі» деген кітабында (Нью-Йорк, Вашингтон, Лондон, 1973, 127-бет) «Қазақтың жас ғалымы Мұхтар Мағауин көпшілікке, жалпы жұртшылыққа ғана емес, осы саладағы мамандардың өзіне беймәлім болып келген он екі ақын, жыраудың мұрасын зерттеп, айғақтады, сөйтіп, сарапшылардың бағалауынша, қазақ әдебиетінің тарихын жаңа беттермен толықтырып, оны үш ғасырға тереңдетті» деп жазады.

«Қобыз сарыны» 1970 жылы орыс тіліне аударылды (П.Косенко, «Жазушы» баспасы). Алғашқы басылымнан соң, арада ширек ғасырға тақау уақыт өткенде «Ғасырлар бедері» бір томдығының құрамында екінші қайыра жарияланды. 1992 жылы «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет» атауымен, жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулық ретінде үшінші мәрте басылды.

«Қобыз сарынының» ізін ала, ондағы ежелгі ақын-жыраулар мұрасы жинақталған «Алдаспан» антологиясы баспаға дайындалған еді. 1970 жылы жарыққа шықты. Кітап жұрт алдына жетіп, жаңа тарай бастаған кезде Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің (С.Имашев, М.Есенәлиев) шұғыл нұсқауы бойынша «тұтқынға алынып» көп ұзамай бар тиражы жиналып, пышаққа жіберіледі. «Алдаспанның» күзелген, қысқарған жаңа нұсқасы келесі, 1971 жылы қайыра басылады. Арада бірталай заман озғанда бұл кітап «Бес ғасыр жырлайды» (1984, 1989), «Ай, заман-ай, заман-ай» (1991) жинақтарына ұласты. 1993 жылы «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет, хрестоматия» атауын жамылып, толығымен қайыра басылды. 1978 жылы Ленинградта орыс тілінде шыққан «Поэты Казахстана» атты алты ғасырлық антологияның бастапқы, ең сүбелі бөлігі де сол «Алдаспанды» қайталайды.

«Қобыз сарыны» он үш томдық шығармалар жинағының құрамында, осымен төртінші мәрте басылып отыр. Әлбетте, қазір заман өзгерген, дүние кеңіген, ой-пікірге тұсау жоқ. Алайда жазушы жаңа басылымға ешқандай өңдеу, үстеме жасамады. Демек, ғұмырлы туындының іргесі берік, тіні мықты, желісі селкеусіз деген сөз. Жазу мәнер-машығы мен ойлау-сараптау зердесі ешкімге ұқсамайтын сұңғыла суреткер Мұхтар Мағауиннің ғажайып қолтаңбасын айғақтаса керек.

Әңгіме ләмінде Мағауин шығармашылық әлемінің кең тынысын әр тараптан саралап, терең пікір білдірген халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қабдеш Жұмаділовтің толғанысы көңіл аудартады. Өзі де тарихи тақырыптарға қалам тербеп жүрген қарымды қаламгер қара қылды қақ жарғандай, ақиқаттың көзіне именбей қарап, әділ сөзін ашып айтады. Ендеше, ілкі сәт Қабдеш аға лебізіне жанар жүгіртейікші:

«... Мұхтар Әуезов дүниеден өткен соң әдебиеттегі реалистік, халықтық бағыттың туын ұстайтын, көш бастар дара тұлға табылмай, рухани дүниеміз бір мезет күңгірт тартып қалғаны естеріңізде шығар. Мен бұл арада империялық саясаттың қолды-аяқты құлына айналған бодандық әдебиет өкілдерін санатқа әдейі қоспай отырмын. Міне, дәл осы мезетте өздерінің тарихи миссиясын атқару үшін әдебиетке жаңа бір толқын келді. Ол – марқұм Ілияс Есенберлинді алға салған жастардың талантты тобы еді. Бір мезетте қатар жарық көрген Есенберлиннің тарихи романдары мен Мағауиннің зерттеу еңбектері әдебиетте үлкен бетбұрыс, рухани «жарылыс» жасады десек асыра айтқандық болмас. Көне тарих қойнауын ақтарып, ескіні еске түсіретін бұл шығармалар халықтың үзіліп қалған зердесін қайта жалғады. Қазақтың іргелі ел болғанын, мәдениеті, әдебиеті болғанын бүгінгі ұрпақтың есіне салып, ұлттың еңсесін көтерді.

Ал сол жылдары Мұхтар Мағауин жетектеп әкеліп, әдебиет төріне отырғызған Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Ақтамберді, Үмбетей мұраларының әсерін тілмен айтып жеткізу қиын. Ең ғажабы, жыраулар поэзиясында әлі ешкімге құл болмаған азат көшпендінің айбынды үні жатыр еді. Сондықтан да қалың жұртшылық бұл шығармаларды тарыққанда маңдай жібітер тіршілік нәріндей қабылдады. Мағауин туралы сөз болғанда жырауларға соқпай өту күнә.

Мұхтар Мағауин орта ғасырдағы жыраулар поэзиясынан небәрі жиырма алты жасында диссертация қорғады. Сөйтіп, академик ғалымдарымыз қазақ әдебиетінің тарихын Бұқар жыраудан ары апара алмай жүргенде, жас ғалым ол шекті үш ғасыр ары жылжытты. Университеттің

ғылыми кеңесінде өткен бұл қорғаудың қандай табысқа жеткені әлі көз алдымызда. Бүкіл халықтық мерекеге, әдебиеттің тойына айналды. Бірақ, амал не, кезінде әдебиеттану ғылымына дүбірлі бетбұрыс жасаған ол еңбекке, қатып қалған қағида бойынша, небәрі кандидаттық қана дәреже берілді...» («Мұхтар Мағауин туралы сөз». «Қазақ әдебиеті», 28 қаңтар, 2000 жыл»).

Қабдеш ағаның бұ жердегі қынжылысы орынды. Қатып-семген кеңестік жүйенің тәртібі де, ережесі де қатқыл. О кезде қай қазақтың жанқиярлық ізденісін оңайшылықпен мойындап еді. Әйтпесе Шераған айтпақшы, «Таяқ лақтырсаң академикке» тиеді. Қазіргі заманда ғылым докторы мен академиктен аяқ алып жүру қиын-ақ. Тіпті, модаға айналғандай. Шіренген шенеунік біткен ғалым. Өзін қойып әйелін, баласын, келінін өйтіп-бүйтіп кандидат жасау үшін, лауазымын, креслосын пайдаланып қалу. Елбасымыз сан мәрте ескерткендей, том-том диссертациядан еліміздің дамуына, өндірісті өркендетуге, ауылды көтеруге септігі тиіп жатқаны шамалы. Ал бірінен-бірі көшірген, кіл цитаталардан құралған қарыстай-қарыстай монографиялармен атан түйені ұрып жығуға болады. Шіркін, осындайда саф алтындай жарқыраған көне мұрамыз еріксіз еске оралады.

Тобықтай сөздің түйіні, үш ғасырды тірілткен Мұхтар Мағауинді мақтамау керек, керісінше қалың қазағым, асыл Алашым Мағауинмен мақтануы керек. Кезінде академик-жазушы Зейнолла Қабдолов ағамыздың сөз зергері Мүсіреповке бағыштап айтқан тамаша ойын Мұхаңның аты-жөнімен байланыстырсақ, қандай жарасымды.

Ал «Қобыз сарыны», ондағы әдеби мұраға қатысты, көл-көсір жаңалық, сол заман үшін мүлдем тосын тарихи көзқарас пен өзгеше ұлттық сана, еңбектің өз тұсындағы ой-танымға әсер-ықпалы, бүгінгі күнге жалғасқан үлгі-өнегесі өз кезегінде келешекте қаншама соны зерттеуге ұйытқы болары күмәнсіз.

Бұл – жүрек сөзі. Сенімді де, айқын. Болашақтың биігінен тіл қатып тұрғандай. Бәлкім, Мұхтар биігінен – Мұхтар шыңынан...

* * *

... Міне, қызық! Қолды болған «Қобыз сарыным» үстел үстінде жатыр. Шамасы үш жылдан соң. Кабинетімнен шығып кеткенімде қойып кеткен секілді. Кім болды, ә?! Жалма-жан қолыма алып, парақтай бастадым. Қымбат та, қастерлі қазынамның дәл өзі. Үшінші курста жүргенде

бірге оқитын досым, бүгінде Абай атындағы педагогикалық университетінің профессоры Серік Мақпыров екеуміз Жазушылар одағының жанындағы кітап дүкенінен сатып алғанбыз. Титул-беттегі кітапты сатып алған күні таңбаланып, қолым қойылған. «15.04.68 ж. Алматы, Ж.Елшібеков» деген сөздердің төменгі ашық тұсына қос парағы ашық жатқан кітап сұлбасына теңіз толқыны, өзімнің профильден кескінделген штрих-портретім мен айдын төсінде қалықтаған шағала нобайы бейнеленген жеке экслибрисім мөрленіпті. Бұл кітап мөрін «Дружные ребята» газетінің суретшісі, марқұм Александр Шестаковқа жасатқан едім. Көзіме сондай ыстық көрінген. Содан бері де қаншама жыл. Қараған сайын бәрі-бәрі кешегідей жаңғырады-ай! Уақыт ізі – уақыт үні... Жарайды. Бәрінен бұрын мына кітабымды білдірмей кім әкеліп қойды екен? Бірге қызмет істеп жүрген әріптестерім бе, әлде бейтаныс біреу-міреу ме?.. Мүлдем сіңіріп кетуге ұялды ма, болмаса менің Мұхтар Мағауинге деген ықылас-құрметімнің бөлекше екендігіне көзі де, көңілі де жеткен нағыз жанашырым ба? Әбден, мүмкін. Анық сезгенім, бейтанысымның кіршіксіз таза пейілі. Алғысым шексіз. Менің ендігі мақсатым – осы толғанысымның тақырыбын сәл өзгерту:

Жоғалып... табылған «Қобыз сарыны».

Ғұмырың ұзақ болғай!

«Қиын» шалдың ұлы

Келесі күннің қарбаласымен мұрныма су жетпей жатқанда жалпак бет телефон безілдеп қоя берді. Трубканы көтердім. Раиса апай екен:

– Алматыдан сұрайды. Қазір қосамын.

– Жарайды... қосыңыз...

Таныс дауыс. Тіпті, жымыып сөйлегеніне дейін ап-анық. Дәп осы маңнан тіл қатып тұрғандай. Аман-саулық сұрасқанын күтпестен сөзін бөліп жібердім.

– Иә, Шәкен аға, халдеріңіз жақсы ма? Нендей жаңалықтарыңыз бар?

– Бәрі өзің көргендей. Әлгі бұйымтайыңды, жүлде алған шығармалардың үш кітабын да пошта арқылы «Егеменге», өз атыңа салып жібердім. Жаңадан жазған «Сағыныш синдромы» деген әңгімемді дискетімен қоса жіберіп отырмын. Көз қырыңа аларсың...

– «Дарабоздың» жағдайы қалай? Биыл да бәйге жариялайсыздар ма? Бас демеушіңіз «ZHERSU» корпорациясының басшысы Бауыржан Оспанов бауырыңыздың ниеті дұрыс секілді. Шіркін, Бауыржандай жо-

март жігіттер көп болсайшы!..

– Дұрыс айтасыз. Әсіресе, балалардан ештеңе аямауымыз керек. Биыл да сенгеніміз – «ZHERSU».

– Жақсы, жақсы... Балаларды қуанта беріңіздер... Көди-сөдиді мыжып уақытыңызды, одан бұрын ақшаңызды текке жемейін...

– Күнде сөйлесіп жатқанымыз жоқ қой, – деді ол саңқылдап күлген бойы. – Әнеукүнгіні жаза алдың ба? Мұхтар Мағауин туралы ше? Реті келсе, штрихқа пайдаланып көрші. Қатып кететін секілді...

... Шәкен аға деп отырғаным – балалар жазушысы Шәкен Күмісбайұлы. Негізгі мамандығы неміс тілінің мұғалімі. Талдықорғанның Ақсу ауданынан, жыр құлагері Ілияс Жансүгіровтің топырағында туып-өскен. Ондаған кітаптың авторы. Алматыға екі рет көшіп келіп, екі мәрте туған ауылындағы мектепте ұстаздық еткен. Мақсатты түрде. Балауса жасөспірімдердің жан-дүниесіне тереңірек үңілгісі келген. Мұнысы зиян болмады. Балғындар өмірінен бірнеше тұщымды да, тәуір туындылар жазды. Балалар бағының нағыз аялаушы-бағбанына айналған ол жеткіншектер мен бүлдіршіндерге арналған «Дарабоз» атты халықаралық әдеби бәйгенің тұрақты өтуіне мұрындық боп жүр. Маңдайы жарқыраған үздік қаламгерлерге ақшалай қомақты қаржы бөлгізіп, жүлде алған шығармаларды «Кәусар бұлақ» деген атпен сериялап шығаруда. Бір қадап айтарлығы бұл кітаптар еліміз кітапханаларына тегін таратылады.

Жақында ғана еңбек демалысында жүргенімде киелі қара шаңырақ – Қазақстан Жазушылар одағының ғимаратында ежелгі танысым Шәкенмен ұшырасып қалып, біраз арқа-жарқа шүйіркелесіп, талай әңгіменін басын қайырған едік. Сөз арасында балалар әдебиетінің жай-күйі, өткені мен бүгінгі жайында, «Жалын» баспасы ұйымдастырған дәстүрлі конкурс туралы да тілге тиек еткенбіз. Талай жас дарындардың бағын ашқан о кездегі бәйгенің жөні мүлдем бөлек-ті. Марат Қабанбай, Молдахмет Қаназ, Кәдірбек Сегізбаев, Қаржаубай Омаров, Әшірбек Көпішев, Есенғали Раушанов, Жақау Дәуренбеков, Сейітказы Досымов, Несіпбек Айтұлы тәрізді таланттардың жұлдыздары қара қылды қақ жарған осынау конкурста жарқырап көрінген еді. Мүйізі қарағайдай Мұхтар Мағауин, Қадыр Мырзалиев, Оралхан Бөкеевтердің балалар бәйгесінің бас жүлделерін жеңіп алуы конкурстың мәртебесі мен беделін бөлекше биіктеткені есте. Өткен жылдар елесін жаңғыртқан біз Мұхтар ағаның «Бір атаның балалары» атты тамаша хикаятын еріксіз еске түсірдік. Шалғайдағы ауыл балаларының соғыстан кейінгі қызық та, қасіретті қилы-қилы тағдырын әңгімелейтін повесть Мағауиннің отыз үш жасында

жазылыпты. Жоғарыда «мүйізі қарағайдай» деп әдейі мегзегендей, бұл туынды – тегеурінді қаламның күдірет-қуатын анық байқатса керек.

Бір ойды бір ой қозғайды. Жазушының қызметі, жазушының рөлі, жазушының қабілеті... көзқарасы, үлгі-өнегесі, тәрбиесі... Әр қырынан санамалай тізбелеп, пікірталас тақырыбын қоздата беруге болады. Соның бір үзігін Шәкен ағаның өз аузынан естідім. Шырғасын шығармай, қаз-қалпында жеткізейін, сіз де тыңдаңыз, менің елгезек оқырманым.

«...Институтты бітіріп келген маған сегізжылдық мектептегі атышулы 6 «А» сыныбының жетекшілігі тиді. Қыздары әдеттегідей момын, ұлдары «сен тұр, мен атайындар» дерлік. Бірақ үздік оқитындары да баршылық. Сөйте тұра менің сыныбымнан сабақ беріп оралған мұғалімдердің «арызбен» келетіні жанға батады.

– Сіздің анау Байшегіровіңіз бір қызық бала. Асып бара жатқан бейбастығы да жоқ. Бірақ басқа нәрсемен шұғылданып, жаңа сабақты тыңдамайды, – деген сөзі көбейіп бара жатқан соң, Аянды бақылауға алуға тура келді.

Ол соңғы партада, терезенің жанында отыратын. Көзімнің астымен ұрлана қарап қоямын. Әлденеге шұқшия төмен қарап, сабақ тыңдар түрі жоқ. Ауық-ауық кеудесін көтеріп алып, мұғалімнің түсіндірмесін тыңдаған сыңай танытады да, қайтадан өзінің бұрынғы әдетіне басады кеп. Алдында кітаптан жасалған «баррикада» – қамалы тағы бар. Не істеп отыруы мүмкін? Осындай сәттердің бірінде жақындай басып Аянның жанына жеттім. Әлденеге аңсары ауып кеткен ол басқалар болса бір сәрі, тіпті сынып жетекшісінің үстінен төніп тұрғанын сезер емес. Балалардың кейбіреуі бұл тірлікке шыдай алмай күліп те жіберген.

– Аян, сабақты тыңдап, қолыңдағыңды маған бер, – дедім сыпайы ғана. Байшегіров құлағына дейін қызарып сала берді. Өзі қызыл сары жүзді, қалқан құлақ бала болатын.

– Ағай, кешіріңіз. Енді оқымаймын, – деді ол әлденені партаның қуысына жасырып.

– Кітап өте қызық шығар. Кімдер туралы жазылыпты? – дедім күлімсіреген күйі.

– Мұхтар Мағауиннің «Ақша қар» деген кітабы. Әңгімелері тамаша. Тек алып қоймаңызшы. Атам ұрсады, – деді Аян безек қағып.

Түстен кейін Аяндікіне жол тарттым. Оның себебі де бар-тын. Баланың кітап оқуын іштей құптаймын. Ал «атам ұрсады» деп безектеуі қалай? Соны білмек ойым бар.

Шынында Аянның атасы «қиын» шал болып шықты.

– Сәлемші болсаң, жоғары шық, – деді сәлемімді алған қарт кеудесін көтеріп. Аяғымды шешіп, киімімді іліп, кім екенімді баяндап үлгердім.

– Е, мұғалім баламын де.

– ?..

– Дұрыс-ақ. Сен осы «Күлдір-күлдір кісінетіп, күреңді мінер ме екенбіз» деп басталатын мақамның кімдікі екенін білесің бе? – Қарт ұсынған қолымды алып, оқты көзін өңменіме қадап. Бөгеліп қалсам керек. – Міне, білмейсің. Ал менің Аяным Ақтамберді жыраудың бұл толғауын жатқа соғады, – деді қарт әрі табалай, әрі мақтана.

Бұл екі ортада қарттың кемпірінің:

– Пау, отағасы-ау, осы сенің-ақ келген-кеткен адамды сынауың бітпейді екен, – деп жазғырған дауысы естіліп қалды.

О кісі үйінде үш тазы, жүйрік ат ұстайды екен. Қаршығасының өткен жылы қартайып өлгеніне өкініші таудай. Аңадай бұрышта ескі шкафта неше алуан қалың кітаптар көрінеді. Оларды күзеткендей төбе тұсында түлкі тымақ пен қырғыз өрім қамшы ілініпті. Көзіме түсіп, алыстан байқағандарым: М.Әуезовтің «Абай жолы» І.Есенберлиннің «Көшпенділері», Янның «Шыңғысханы», М.Мағауиннің «Қобыз сарыны»... Мәселе түсінікті дедім ішімнен. Бұл оңай шал болмады. Әлгіндегі маған тиісуіне қарағанда шежіреге бас ұрған, ауылдың білгіш қарттарының бірі емес, бірегейі екені анық.

– «Балама кітапты көп оқы деп жүрмін. Білімді адам түптің түбінде қазақтың кім екенін білер». Атасының ұлына артар аманаты да осы.

Міне, содан бері отыз жылдан аса уақыт өтіпті. Жақында Мағауиннің «Мен» атты роман-эссесін оқығанда, сол бір бастан өткен жәйт санамда қайта жаңғырды.

Алты жасында ұлы Абайдың өлеңдерін жатқа соғып, сегізінде М.Әуезовтің «Абай жолын» оқып бітіріп, Шыңғыстаудың даласын кезіп, табиғатымен сырласып, тас таңбалардағы қашалған бабалардың ерлік жолын ұлтының санасына сіңірмек болған, 10-14 жасында «Ерте дүние тарихын», «Орта ғасыр тарихын», «Жаңа ғасыр тарихын», «Шыңғысхан» романын тауысқан, бір кезде Аян парта астына тығып оқитын «Ақша қардың» авторы Мұхтар ағамыз еді.

Тарихты таразылап «Қобыз сарынын» жазып, қазақтың әдебиет тарихы ХҮІІІ ғасырдан басталады деген болжамды ортасынан бір-ақ сызып, үш ғасырға тереңдетуінің өзі Мұхтардың қазақ ұлтына сыйлаған үлкен несібесі емес пе? Қызыл империя «халық жауы» санап, түрмеге қамап, атып өлтірген ғасырда бір-ақ рет келер ақын Мағжан Жұмабаев-

тың мәңгі өшпес жырларын сол кездегі қазан революциясының орталығы Санкт-Петербургте шығаруы ше?

Айта берсек, «Қазақ тарихының әліппесін» жазған, Тәуекел, Қасым, Есімхан, Әз Тәуке, Салқам Жәңгір, Кенесары, Абылай хан сынды небір жайсандарды – бабаларымызды халқымыздың жүрегіне қайта ұялатқан Мұхана халқы қалай риза болмасын.

Иә, Мұхтар Мағауин тек айтулы ғалым ғана емес, аса талантты жазушы, наркескен тұлға.

Мен міне, тағы кітап оқығыш Аян Байшегіров пен оның атасы шежіреші қартты есіме алдым. «Ақсақал, өзіңіз қалдырған аманаттын қазақтың атақты жазушысы Мұхтар Мағауин орындады. Ал Аян сияқты кітап оқығыш балалар көбейіп келеді».

... Мұхтар аға жайында бір деңелерді түртіп жүретінімді білетін, өзі де балажанды жазушы, бүлдіршіндер өмірін жақсы түсінетін Шәкен осынау штрих-детальды қиюын тауып, қыстырып жіберуді ескерткен. Еш оғаштығы жоқ. Алғаш естігенімде елеңдеп қалғаным рас.

– Мұхтар мектебі, Мағауин сабақтары десеңші. Оның дәрістері талай жүректерді тербетіп, ұдайы жалғаса бермек. Өйткені, өмірден түйгені көп, көненің көзіндей күн кешкен қазына қарт, Мағауия шалдың зерек баласы Мұхтар жазған кітаптар – қазақтың өзімен бірге жасайтын жан азығы ғой.

Алдаспандай жаркылдаған жауһар жыр

Қандай сәйкестік! Кей-кейде ісің мен ойың бір мезетте құп тоғысып, қайран қаласың-ау. Міне, сондай күйді кешкен мен қолымдағы қаламымды қоя салып, үстелімнің бұрышында сайрап тұрған қалақтай радионың даусын көтере түстім. Қазақтың ең сүйікті дәстүрлі әншісі Бекболат Тілеуханның зор үні тұла бойыңды шымырлатып, қаныңды қыздырып, еңсеңді көтергендей. Ақтамберді жыраудың «Күлдір-күлдір кісінетіп...» аталатын әйгілі толғауы. Жігер жаныған, намыс қайраған, делебенді қоздырып, ұйқыңнан оятар рухқа толы өлең жолдары, мұзарт шыңнан құлаған тас бұлақтай тасқындайды-ай! Сөз жоқ, жаратушы Алла тағаланың құдіреті шексіз ғой. Мұхтар Мағауин тірілткен ақын-жыраулардың өлеңдері мен жырларынан шоғыр-шоғыр үзіктерін іріктеп, шумақ-шумақ ойларын қағазға түсіріп отырғанда біраз жайға қанық болғандаймын. Қазақ сахарасының әр қиырында жүрсе де, Ұлы даланың кез келген бұрышын мекендесе де қасиетті тілін, ардақты ана

сөзін ешқашан шұбарламаған, бірін-бірі жақсы түсінген. Мұны айтып отырғаным, ең алдымен, төмендегі әңгіме ауанымен танысып көріңіз. Бұл толғаныстың авторы Дағыстанның халық жазушысы, атакты ақын Расул Ғамзатов. Сонымен...

«... Өзі бір ұлт, бірақ екі республика болады, біздің көрші осетиндер солай. Бір республика, бірақ қырық ұлт та болады. «Халықтың да, тілдің де үйілген бір тауы екен», – депті Дағыстан жайында бір жолаушы.

«Мың басты айдаһар», – дейді Дағыстанды жаулары.

«Алуан бұтақты бәйтерек», – дейді Дағыстанды достары.

«Дүниенің жүзінен колыңа күндіздің өзінде шырақ алып іздесең, мұнша адамы аз, бірақ халқы көп жерді таппассың», – дейді екен келушілер.

Иә, Дағыстан тілдерінің грамматикасы, синтаксисі, фонетикасы, лексикасы жайында нешеме кітап жазылды да, жазыла бермек те. Мұнда істеймін дегенге жұмыс табылады. Ғалымдар, келе беріңдер. Сендерге де сендердің балаларыңа да жетеді.

Ғалымдар өзара айтысып жатады: біреулері Дағыстанда мұншама тіл бар, біреулері соншама тіл бар деп. Ол тілдер былай пайда болған деп біреулер, жоқ, олай емес, былай деп екінші біреулер тағы да таласады. Олардың болжамдары мен дәлелдерінде толып жатқан қарама-қайшылықтар бар.

Менің білетінім сол – біздің жерде бір арбада келе жатқандар бес тілде сөйлесуі мүмкін де, егер жол айрығына бес арба келіп тоқтаса, онда отыз тілде сөйлесіп кете береді.

Орыс жазушысы Дмитрий Трунов отыз екі халықтың адамы жұмыс істейтін бір колхоз жайында очерк жазды.

Әффенди Капиевтің блокнотында сақталған жазу бар, онда Дағыстанның үш жазушысы – Сүлейман Стальский, Ғамзат Цадаса және Абдула Магомедов Москваға СССР жазушыларының бірінші съезіне пойыздың бір купесінде бірге барғанын айтқан. Олар, үшеуі де – Дағыстанның халық ақындары, үш тәулік жол жүріп, бір-бірімен сөйлесе алмаған. Әр қайсысының өз тілі бар. Қолдарын сермеп, ыммен сөйлескен. Бір-бірін, әрине, әрең түсінген. Өзінің партизан болған тарихын әңгімелеп отырып, Әбуталып бір жайды еске алады: «Бір котелек бөкпенді жеп отырып, жиырма тілде сөйлестік. Бір қап ұнды жиырма халық бөлістік», – дейді.

Бізде төменгі Джунгутай, жоғарғы Джунгутай деген бар. Аралары үш шақырым. Төменгі Джунгутайда құмық тілі, жоғарғысында авар тілі.

Даргиндер: «Мегебте даргиндер тұрады», – дейді, аварлар: «Мегебте

аварлар тұрады», – деседі. Ал мегебтіктер өздері не дейді? Олар: «біз даргин де емеспіз, авар да емеспіз. Біз мегебпіз. Бізде мегебтің өз тілі бар! Мегебтен жеті шақырым шықсаң болғаны, Чохқа барасың, онда мегебтің тілі екен деп қалма, чохтың өз тілі бар».

Бір таулық бір сұлу қызға ғашық бопты. Ол «мен сені сүйем» деген арманды үш сөзін қызға жазбақ болады. Жазғанда қағазға емес, қыз осы арадан өтеді-ау деген жердің бәріне – жартасқа, сокпаққа, бұлақ басына, қыз үйінің қабырғасына, өзінің пандурына жазбақ болады. Әрине, одан да келе қоятын пәле жоқ еді. Бірақ ол онымен тұрмай, әлгі сөзді Дағыстанда бар тілдің бәрімен жазбақ болады. Сөйтіп ол ынтыға жолға шығыпты. Онша ұзақ жүрмеспін деп ойлаған жігіт, әр ауыл ол сөзді өзінше айтатынына еріксіз таңданыпты.

Дие мун иокьюла (аварша)

Заз вун кіанда (лезгинше)

Ттун ина ччай бура (лакша)

Хіу наб рпгулра (даргинше)

Мен сені сюемен (кұмықша)

Узуз уву ккундузуз (табасаранша)

Ме туьре хосденуьм (татша)

Одан әрі ботлықша, чохша, цумадин, цунтинша боп кете барады. Сол ғашық жігіт тау-тауды кезіп сөзін жазып біте алмай, әлі жүрген көрінеді. Ал сүйген қызы әлдеқашан қартайса керек, ал анау сері әлі сөзін жазып бітпепті деседі...».

Туған тіл төңірегінде, ана тіліміздің қадір-қасиеті жайында тебірене толғаған Расул Ғамзатовтің жоғарыдағы лебізі ешкімді де бейжай қалдырмасы айдай анық. Елін, халқын шексіз сүйген, елжірей сүйген ақынның кара сөзбен жырлаған «Менің Дағыстанымда» махаббатқа толы ой-пікірлер өте көп-ақ. Оның жұмбақ сырын, құпия астарын ә дегеннен аңғару оңай емес. Асқақ пафос, дабылды ода, патриоттық сезім атойлап, «менмұндалап» тұрған мадақтың қат-қабат қыртысынан үлкен мұңайысты сезгендейсің. Саясат сызын аңғарасың. Кремльдің әр одақтас-автономиялы республикаларынан алдын-ала «таңбалап» таңдаған «жұлдыздарын» қалайша сайратқанын бүгінгі тәуелсіз сана биігінен жіті жанар тіккенде ап-анық бажайлайсың. Түбі бір, тегі бір халықтарды «қиқымдап», «ұсақтап», «майдалап» жұтудың жолы мен маңайдан шертпей, арқасынан қағып, өзіңді-өзіңе мақтатып жоюдың әдісін қызылкөз алып империя зымияндық әккілігімен өте шебер пайдалана білген.

Шідерлі құрсауда нокталаған ұлан-байтақ Қазақстанымызды «Жүз ұлттың, жүз тілдің лабораториясы» деп жер-көкке сыйдырмай, көпірте

дәріптегенін неге ұмытайық?! Байыбына үңілсек, зертханада – тәжірибе жасалып, эксперимент жүргізілмей ме? Қарусыз-ақ, қаулысыз-ақ туған тілімізден жерітіп, ана тілімізден безгізіп, айдың-күннің аманында мәңгүрт болғанымызды неге жасырайық?! Әлде, Ғамзатов көкемше әзілаңыз шертіп өзімізді-өзіміз жұбатамыз ба? Мәселенки, төмендегіше:

«Ал менің әкем былай деп айтатын. «Алланың елшісі қашырға мініп ап, жер бетін аралап келе жатып, өзінің үлкен қоржынынан әр халыққа тіл үлестіріп жүріпті. Қытайлықтарға қытай тілін берген. Арабтарға барып араб тілін берген. Гректерге грек, орыстарға орыс, французға француз тілін берген. Тілдің неше түрі болса керек: бірі әуенді, сазды, бірі қатқыл, үшіншісі сырлы, өрнекті, төртіншісі нәзік, әсем дегендей. Мынадай олжаға қарқ болған халықтар кәдімгі адамша сөйлеп, өз тілінде шүйіркелесіп қалады. Тілдің арқасында біреуді біреу танып, бір халық екінші көрші халықты біліседі.

Сонымен, қойшы, әлгі қашыр мінген кісі біздің Дағыстанға жетеді. Жаңа ғана грузиндерге, кейін Шота Руставели өзінің поэмасын жазған грузин тілін беріп, кейін Коста Хетегуров өз сонеттерін жазатын осетин тілімен жарылқап шыққаны сол екен. Кезек бізге келіп жетіпті.

Алайда, сол күні Дағыстанның тауларында қарлы құйын соғып кетпесі бар ма. Аңғардың қары алай-дүлей бұрқырап аспанға шығып, түкті көрсетпей, жолды да, мекенді де жауып тастапты. Қара түнекте тек желдің ысқырғаны, жартастың гүрсілі. Тау-тастан құлаған суық судың күркіреп тасығаны ғана естілсе керек.

– Қой, болмас, – дейді тілді үлестіруші мұртына мұзы қата бастаған соң, мына алай-дүлейде жақпар жартастарға өрмелеп жүрем бе сол.

Сөйтеді де, ол қоржынның түбінде әлі үлестірілмей қалған қос уыс тіл бар екен, соны біздің тауларға шаша-шаша салады.

– Тандағандарыңды алыңдар, – дейді.

Шашылған тілдерді боран алып қашып, тастан-тасқа, шатқалдан-шатқалға жеткізсе керек.

Сол кезде бүкіл дағыстандықтар үйлерінен шыға-шыға келіседі. Мың жылдар бойына күткен мына ырысқа, алтын нөсерге бірін-бірі итермелей ұмтылып, тұра-тұра жүгіреді. Бас салып жармасып, қымбат дәнді тиген-тигенінше үлесіп алады...».

Мінеки, көңілсіз аңыздың ұзын-ырғасы. Аңыздың қасіретті ақырын әркім әрқалай түсінер. Басқаша... Не деуге болады?

Ал біздің бабалар рухы былайша тіл қатар еді:

– Жоқ! Егілме!

– Басыңды көтер, еңсеңді түсірме!

– Туған жеріңе ие бол, ана тіліңді сатпа! Ұрпағыңды қорлама!..

Ендеше, Мұхтар Мағауин қазақ руханиятының төріне отырғызған ақындар мен жыраулардың алмастай жарқылдаған жауһар жырларына тереңірек үңілейікші. Ұлы сарын не дейді? Әрине, көне мұралар жаһұтын тұп-тұтас күйінде сыйлай алмаймыз. Асқақ та, өршіл үнді... Өзекөрттер өкінішті де, шерменде шерді... Арманшыл да, қанатты қиялды... Сенімді де, сезім серпер сәтті... Мың бүгіліп, мың тұрған мұнайысты... Намыс қайрап, найзағай ойнатқан ерлік пен өрліктің даусын... естисің.

Сом алтынның сынығындай үзікті әңгімеміздің әлқиссасында тілге тиек еткен Ақтамберді жыраудан бастайық. Реті келіп тұрғанда еске түсіре кетер ғажайып әсерлі мезетті жаңғыртқанды жөн көрдім. Сексенінші жылдардың ортасында кезекті еңбек демалысымның бір аптасын қасиетті де киелі Семей өңірін аралауға арнадым. «Лениншіл жас» пен «Социалистік Қазақстанда» жүргенімде Абай топырағына жолым түспей, алаңдап жүрген кез. Семейге ұшақпен жетіп, одан ары қаламдас әріптесім Дәулет Сейсенұлы екеуміз ешкімге салмақ салмай, Абай ауданын емін-еркін араладық. Шежірелі өңірдің ұңғыл-шұңғылын қалдырмай, тарихи нүктелерді түгел дерлік адақтадым. Тікелей Абайға қатысты, Мұхтар Әуезов пен Шәкерім өмірлеріне, ұрпақтарына байланысты, сондай-ақ елі сүйген, халқы қастерлеген әйгілі тұлғалардың шығармашылық әлемін аша түсетін мекендерді – тау-тас, өзен-бұлақ, жайлау-қыстау тәрізді жүрекке жақын жерлерді тамашалағаным ұмытылмас-тай есте. Есіміне қаршадайдан қанық Абай атамның басына зиярат етіп тұрған сәттегі сурет жадымда өшпестей сақталған. Күнұзаққы жан толқытарлық сапардан алып-ұшып Жидебайға жеткенімізде, шарболаттай балқып батқан күннің жалынды бояуы ескі қорымды, оның ішінде Ұлы ақынның қызыл гранит құлпытасын арайлы шапаққа шомылдырғандай. Тасқа қашалған аңсар бейнені ыстық жүрегіммен сүйіп, қос алақаныммен аялай сипалағанымда, жанарыма жас тамшылары іркілгені бар. Бұл – қуаныш жасы. Бұл – Абаймен тұңғыш жүздесу. Көңіл серпілтері – Абай топырағына бұдан кейін де әлденеше рет табаным тиді. Мың мәрте шүкір! Естен мәңгі кетпес осы алғашқы сапарда сол кездегі Жданов атындағы совхоздың іргесіндегі Жүрек Жота («Жүрек адыр») деген жерде дамылдап жатқан атақты Ақтамберді жыраудың басына түнделетіп тәу етіп, тағзым көрсеттік.

Сәтті сапардың көріністері құдды ұмытылмастай жаңғырады-ай! О кезде полигон-тажал әлі жабылмаған. Жол-жөнекей аялдаған ауылдардағы кеңселер мен жекелеген үйлердің арса-арса боп айырылған қабырғаларын өз көзімізбен көріп, бас шайқадық. Жарылыс зардабы таңбала-

ған «жарымжан» ғимараттарды Абай ауданының кіндігі – Қарауылдан да біраз ұшыраттық. Мойындау керек, таңдайымызды тақылдатып, басымызды шайқағаннан артыққа бара алмадық. Даусымыз шықпай, үніміз құмығып естілген. Тіпті, Абай мен Мұхтардың рухани шырақшысы саналған жазушы ағамыз Кәмен Оразалиннің дастарқаны басында сыбырлап сөйлеп, күбірлеп тіл қаттық-ау. Қандай өкінішті! Өз үйінің қабырғасындағы ырсиған ұзын жарықшақты қолымен көрсеткен Кәмен ағаның қан жылаған жүрегінің дүрсілі әлі есімде. «Мінеки, көремісіңдер, бүгін іргеміздегі Курчатовта тағы да жерасты сынағы жасалды. Әне-у бір терезе тұсындағы жарық-сызық шамамен, жеті-сегіз сантиметрге ұзарған сықылды. Қарындашпен белгілеп қойғам...». Адам баласы бәрінде көреді, бәріне де көнеді екен. Абай елінің қадірлі абызының ойлы да, сұраулы жанарына үн-түнсіз қарай беріппін. Батагөй қарттың шежіре жүрегі маған адамзаттың алтын бесігі – Жұмыр Жердің тамыр бүлкілін өлшейтін Рихтер аппаратынан да сезімтал боп көрінген-ді.

Күтпеген оқиға. Кешкі асқа зауқым соқпай, аз-кем тыныққым келіп, жанымдағы серіктерімнен рұқсат сұрадым. Жайланып демалу қайда? Тұла бойым қалш-қалш дірілдеп, қан қысымым мен денемнің қызуы көтеріліп, асқазаным бұзылып, өзімді мүлдем нашар сезіндім. Алабұртқан жүзімді, кіртиген көзімді көрген бейтаныс үй иесі қатты ыңғайсызданған. «Соншалықты не боп қалды екен, ә?.. Әлде тамақ жақпады ма?..» Асты-үстіме түсіп, бәйек болуда. «Дәрігер шақырсақ қайтеді?». Мен өзгелерді мазаламай, әбігерге түсіргім келмеді. Түнді кірпік ілмей өткіздім. Таң құлан иектене жедел көрші ауданға жүріп кеткім келетінін сездірдім. Сапарлас жігіттер әзіл-шыны аралас өз ойларын айтып жатыр. «Біздің аймақтың ауасы жақпаған ғой. Сақтық үшін бірер жүз грамды тартып жіберу керек еді». Мен ешқандай уәж айтпадым. Асығыс-үсігіс қоштасып, тездетіп әкемнің туып-өскен жері, түп атам Елшібектің ыстық мекені – Шұбартауды бетке алдым. Осы жерде айта кетер бір дерек менің Елшібек атамның анасы – Тәкен, ұлы Абайдың жанында жүрген атақты Байқұда палуанның әпкесі.

Шыңғыстауды көктей түскен бұлың-бұлың көне сүрлеу бірде ышқынып өрге көтерілсе, енді бірде етектегі ойдым-ойдым жыныс тоғайды аралап, құлдилайды. Түндегідей емес, өректіген жүрегім де саябыр тауып, елегізген көңілім де тыншығандай. Әлде, радиация ошағынан бір сүйем болсын алыстап бара жатқанымыздың айғағы ма? Әбден мүмкін. Бұйрат-бұйрат жап-жасыл төбелер таусылсайшы. Іркес-тіркес жалғасып жатыр. Жол апшысын қуырған «Уазиктің» жүргізушісі терезеден басын шығара, мойнын қисайтып қара жолға тесілген қалпы самбырлап сөйлеп

келеді. «Аға десе, мына жолмен заманында Абай атам мен Шәкерім ағам сан мәрте жүріпті...», «Жаз» деген өлеңін Абай атам мына бір өзеннің қойнауында жайлауда отырғанда шығарыпты...», «Мына Бақанастың суына талай рет шомылыпты...». Болар-болмас шаңдағы шыққан ежелгі тау жолының көз талар тұсына дейін жанар жүгіртіп, соқпақтың екі жағына жалтақтап отырмын. Қиял құсым әлдеқашан көкорай белестерден асып, көгілдір көкжиекке самғап кеткен...

Осы сапарымда аудан орталығы Баршатастың түбіндегі «Горный» совхозындағы туыстарымда бірер күн қонақ болдым. Ағайындармен жүздесу – ерекше қуаныш. Оны тәптіштеп айтқаным әбестік болар. Ал ең есте қалар сәт ретінде осы Байқошқардағы Мұхтар Мағауиннің туып-өскен үйі – ұшқан ұясын тамашалауымды айтар едім. Кәдімгі қазақ ауылындағы, шатырсыз, бәкене, қарапайым құбатөбел үй. Ержеткен, Байғазы, Дәкен ағаларым жарыса «Міне, мынау Мағауиннің үйі» деп көрсеткендегі менің балаша елпілдеген қылығыма, аңырып таңырқағаныма олар соншалықты мән берген жоқ. Дұрыс та шығар. Өйткені олар үшін әйгілі Мұхаң «Біздің ауылдың баласы, өзіміздің Мұхтар Мағауин ғой!». Бұдан артық мәртебе болмас, сірә!..

Сонымен, өзіміздің Мұхаң, қазақтың Мағауині тапқан, тарихтың шаң-тозаңынан аршып алған, есімдері ұмыт бола жаздаған ұлы бабаларымыздың сөзіне құлақ түрелік.

Ақтамберді:

Күлдір де күлдір кісінетіп,

Күреңді мінер ме екенбіз.

Күдеріден бау тағып,

Кіреуке киер ме екенбіз...

Тобылғы сапты қамшы алып,

Тұмар мойын ат мініп,

Қоныс та қарар ма екенбіз!

Ел жазылып жайлауда,

Жақсылар кеңес құрғанда,

Мұртымыз көкке шаншылып,

Бұрын да сөйлер ме екенбіз!

Қазтуған:

Алаң да алаң, алаң жұрт,

Ағала ордам қонған жұрт,

Атамыз біздің бұ Сүйініш

Күйеу болып барған жұрт,

Анамыз біздің Бозтуған

Келіншек болып түскен жұрт,
Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт,
Кіндігімді кескен жұрт,
Кір-қоңымды жуған жұрт,
Қарағайдан садақ будырып,
Қылшанымды сары жүн оққа толтырып,
Жанға сақтау болған жұрт!
Қайран менің Еділім,
Мен салмадым, сен салдың,
Қайырлы болсын сіздерге
Менен қалған мынау Еділ жұрт!...

Асан Қайғы:

Ай, хан мен айтпасам білмейсің,
Айтқанымға көнбейсің.
Шабылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің,
Қымыз ішіп қызарып,
Мастанып қызып терлейсің,
Өзіңнен басқа хан жоқтай
Елеуреп неге сөйлейсің!

Доспамбет:

Тоғай, тоғай, тоғай су,
Тоғай қондым, өкінбен.
Толғамалы ала балта алып,
Топ бастадым, өкінбен.
Тобыршығы биік жәй салып,
Дұшпан аттым, өкінбен.
Тоғынды сарты нар жегіп,
Көш түзедім, өкінбен!

Шалкиіз:

Қоғалы көлдер, қом сулар,
Кімдерге қоныс болмаған.
Саздауға біткен сарыағаш
Кімдерге сайғақ болмаған.
Жағына жалаң жібек байлаған
Арулар кімнен қалмаған.
Жағы түкті жылқы айуан
Иесін қайда жаяу салмаған.

Жиёмбет:

Еңсегей бойлы ер Есім,
Есім, сені есірткен
Есіл де менің кеңесім!
Ес білгеннен Есім хан
Қолыңа болдым сүйесін,
Қолтығыңа болдым демесін!

Менің ерлігімді сұрасаң,
Жолбарыс менен аюдай,
Өрлігімді сұрасаң,
Жылқыдағы асау тайындай.

Беріктігімді сұрасаң,
Қарағай мен қайындай.

Марқасқа:

Ей, Қатағанның хан Тұрсын,
Кім арамды ант ұрсын!

Жазықсыз елді еңіретіп,
Жер тәңірісіп жатырсың.

Хан емессің, қасқырсың,
Қара албасты басқырсың!

Алтын тақта жатсаң да,
Ажалы жеткен пақырсың!

Тәтіқара:

Қамыстың басы майда, түбі сайда,
Жәнібек Шақшақұлы болат найза.

Алдынан су, артынан жау қысқанда,
Ер жігіттің ерлігі осындайда.

Бөкейді айт Сағыр менен дулаттағы,
Деріпсалы, Маңдайды айт қыпшақтағы,

Өзге батыр қойса да бір қайтпайтын
Сары менен Баянды айт уақтағы.

Ағашта биікті айтсаң қарағайды айт,
Жігіттік, ерлікті айтсаң Бөгенбайды айт,

Найзасының ұшына жау мінгізген
Еменәлі керейде ер Жабайды айт.

Үмбетей:

Үй сыртында ақра тау,
Панасы жоқ болса,

Бұл шіркіннің несі тау.

Кетеген болса түйең жау,
Тебеген болса биен жау,
Ұрысқақ болса ұлың жау,
Керіскек болса келінің жау.
Үйіндегі ұлың жаман болса,
Есіктегі құлмен тең,
Қойнындағы қатының жаман болса,
Қаңтардағы мұзбен тең.

Қай сорлының қатыны
Күндіз ауру, түнде сау.

Бұқар жырау:

Айналасын жер тұтқан
Айды батпас деменіз,
Айнала ішсе таусылмас
Көл суалмас деменіз,
Құрсағы құшақ байлардан
Дәулет таймас деменіз,
Жарлыны жарлы деменіз,
Жарлы байға теңеліп,
Жайлауға жарыса көшпес деменіз...

Құландар ойнар қу тақыр,
Қурай бітпес деменіз...

Көтеш ақын:

Қартайғанда қатының дұшпан болды,
Баласымен бірігіп қысқан болды.

Келін деген бір пәле тағы да шығып,
Біреуі іштен, біреуі тыстан болды.

Бала-бала деуменен мазалымыз,
Баладан болар білем ажалымыз.

Баламызға жалынсақ жан сақтар ек,
Келін деген даяр тұр тажалыңыз.

Шал ақын:

Өлімнен құтылмассың қашсаңдағы,
Атадан арыстан туып ассандағы,

Алладан шыныменен жарлық келсе,
Жұлдыз да жерге түсер аспандағы.

Жігіттер, ғибадат қыл маған нансаң,
Намаз оқы Алланы ойыңа алсаң...

Алтынның үзігіндей өлең өрімдері мен жыр жолдары... Әр бұтасы

ән салған қазақ сахарасының – қобыз-даланың лүпіліндей естіледі-ау. Жүрегіңнің нәзік қылын тербеген отты ағыстың қуаты мен кернеуін өлшеу мүмкін емес. Сезімді серпілтіп, екпінінді еселер, ерік-жігеріңді елітер жасын жырлар мен семсер шумақтар. Түпнұсқа мәтіннің әр жолын, әр сөзін, керек десеңіз әр әрпін ажыратып, мағынасын анықтап-зерттеу – үлкен зерделілікті талап етеді. Өйткені ежелгі көне сөздердің фонетикалық, логикалық ерекшеліктерін айқындау оңай емес. Ол темірдей төзімділікті, зерттеушілік парасатты қаласа керек. «Теңіздің дәмін тамшысынан-ақ білерсің» демекші, дала философтарын «новатор», «феномен», «құбылыс» деп Мұхтар Мағауиннің өзі аса биік бағалағандай, жоғарыдағы абыз тұлғаларсыз бүгінгі қазақ әдебиеті мен сөз өнерінің айдынын да, айбынын да елестету қиын-ақ.

Ашығын айту керек. Мұхтар Мағауин менің мақтауыма зәру емес. Оған қажеті де шамалы. Онсыз да Мұхтар ағаның бір басына жетерлік атақ-даңқынан ат үріккендей. Санамалайықшы. Кәне, саусағыңызды бүге беріңіз.

Ол – Қазақстанның халық жазушысы.

Ол – Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

Ол – Түркияның «Түрік дүниесіне қызмет» халықаралық сыйлығының сахибы.

Ол – Моңғолияның әлемдік Шыңғыс хан академиясының академигі.

Ол – Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері.

Ол – Әдеби конкурстардың жеңімпазы.

Ол – Облыс пен аудандардың Құрметті азаматы.

Ол – Құрметті профессор, ғылыми атақтары және бар...

Ол – сұңғыла, суреткер, ғұлама шежіреші.

Ең ғажабы сол, осындай биік мәртебе мен марапатқа ие, қазақ әдебиетінің классигі Мұхаң өзінің айтулы туындыларының қай-қайсысында ХҮ-ХҮІІІ ғасырларда өмір сүрген ақын, жыраулар шығармаларының алдына қоймайды. Әмсе «бүкіл жазғандарымды бабалар жауһарына айырбастауға әзірмін» дер еді ағынан жарыла.

Бұл – әйгілі «Мен» романының авторы айтқан ақиқи сөз.

Оны Сіз де естіген шығарсыз.

(Жалғасы бар)